

Медетбекова П.Т.,
Мәмбетова М.Қ.

**Жаратылыстану
ғылымдарының
тұжырымдамаларының
филолог мамандарына
оқытылуы**

Мақалада қазіргі жаратылыстану ғылымдарының тұжырымдамаларына қатысты, сонымен қатар тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі тіл және экологияға қатысты мәселелер айтылған. Осы пәнді филолог студенттерге оқытудағы қажеттіліктер, мысалы, тіл мәдениет, тіл тазалығы, оған қоса сөйлеудегі негізгі қағидалар жайы мен қоса қазақ тіл білімінде осы мәселелердің зерттелуі, зерттеуші ғалымдары жайында айтылған.

Бүгінгі таңда жаратылыстану ғылымдарының тұжырымдамаларын филолог мамандарына оқытудың өзіндік ерекшеліктері және әлеуметтік, психоллингвистика, философия ғылымдарымен байланыстыра қарастырылған.

Түйін сөздер: тіл және экология, эколлингвистика, экологиялық лингвистика, тіл тазалығы, тіл мәдениеті, сөз мәдениеті.

Medetbekova P.T.,
Mambetova M.K.

**Teaching concepts
of natural sciences to philologists**

The article considers the concepts of modern natural science, as well as the problems of one of the new areas of linguistics – language and ecology. It shows the necessity of teaching the discipline relating to the issues of culture of language and speech, language ecology, basic principles of speech, the study of these issues in the Kazakh linguistics to students philologists.

Currently, the concepts of the natural sciences are considered in connection with the peculiarities of training of specialists in the field of philology, social, psycholinguistic and philosophical sciences.

Key words: language and ecology, ecolinguistics, ecological linguistics, standard of speech, culture of language.

П.Т. Медетбекова,
М.К. Мамбетова

**Обучение специалистов-
филологов концепциям
естественных наук**

В статье рассматривается концепции современного естествознания, а также проблемы одного из новых направлений языкознания – язык и экология. Рассказывается о необходимости обучения студентов-филологов данной дисциплине, касающейся вопросов культуры языка и речи, экологии языка, а также основных принципов речи, исследования этих вопросов в казахском языкознании, имен ученых-исследователей.

В настоящее время концепции естественных наук рассматриваются с связи с особенностями обучения специалистов в области филологии, социальной, психолингвистической и философской наук.

Ключевые слова: язык и экология, эколлингвистика, экологическая лингвистика, культура речи, культура языка.

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ-
НЫҢ
ФИЛОЛОГ
МАМАНДАРЫНА
ОҚЫТЫЛУЫ**

Жаратылыстану ғылымдарының тұжырымдамалары жоғарғы оқу орындарының жаратылыстану және гуманитарлық факультеттеріндегі жаңа пәндердің бірі. Оқу бағдарламасына енгізілуіндегі мақсат, жоғары білімді мамандардың кең ғылыми көзқарасты болып даярлануына жол ашу.

Бүгінгі таңда адамзат дүниетанымы мен қызметіндегі ғылымның алатын орны ерекше екені мәлім. Сондықтан антикалық кезеңнен қазіргі уақытқа дейінгі ғылыми зерттеу бағдарламалары мен қазіргі жаратылыстану салаларының тарихы, сонымен қатар жаратылыстану ғылымының дамуы қазіргі таңда физика, химия, биология, география ғылымдарының негізгі тұжырымдамалары және қазіргі ғылымның интеграциясы мен космологиясы, жаңа биосфералық дүниетанымның қалыптасуы жайында біршама зерттелінгенімен заман талабына сай зерттелуінің әлі де қажеттілігі жоғары. Мұндағы айтпағымыз жаратылыстану ғылымдарының тұжырымдамаларының гуманитарлық ғылымдағы алатын орны қазіргі таңда байланысы мен өзара ерекшеліктері жайында зерттеулер ғалымдардың мейлінше қызығушылығын танытуда. Оған қоса ЖОО студенттеріне оқытудың құндылығы да ерекше.

Адамзаттың пайда болуы мен даму тарихы барысында қоршаған ортаны тану, білу, игеру арқылы бірнеше тәсілдерін меңгереді. Сол тәсілдердің ішінде міндетті түрде білім де, ғылым да жататыны сөзсіз. Сондықтан да адамзат өмірінде білім мен ғылымның алатын орны, өзіндік рөлі әлі күнге дейін ұшы қиыры жоқ, яғни аяқталмаған күрделі үрдіс болып табылады. Оған бірден бір себеп, адамзат тіршілік ететін қоғамның, экономиканың даму үдерісі, талабы, қиыншылықтары мен қайшылықтарының қатар жүруі, сол адам әлеміне қатысты талас-тартыстың және жалпыға ортақ күмәнді сұрақтардың, т.б. көптеген заманауи өзекті проблемалардың пайда болуымен ерекшеленуі деп білеміз.

Сондықтанда ғылымның қоғамдағы алатын орны қаншалықты маңызды болса, өзге жаратылыстану, гуманитарлық ғылымдардың да қоғаммен етене жақын деп айтудың өзі аздық етеді, яғни тығыз байланысты және бір-бірін толықтырып отырады сөзсіз.

Осыған орай біздің айтпағымыз – қоғамдағы басты қарым-қатынас құралы – «тіл» болса, осы тілдің пайда болуы, дамуы

жайында ой- пікірлер мен зерттеулер әлі күнге дейін талас-тартыс туғызып, жан-жақты зерттеуін тоқтатқан емес. Тіл білімін кезең кезеңге бөліп зерттеу барысында түрлі бағыттар мен мектептер, олардың өкілдерінің тұжырымдамалары жайында көптеген зерттеулер мен еңбектер жетіп артылады.

Тіл білімі ғылымының жаңа бағыттары мен олардың зерттелуі, арнайы ЖОО-нда оқытылуы күн санап тереңдетілуде. Мысалы, өзге жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдармен байланыса отырып, туындаған жаңа ғылым салаларының өзі қоғам талабына сай, жаңа бағыттардың заманауи талаптарға сай пайда болып, зерттелуіне әкелуде. Оған бірден бір мысалы, әлеуметтік лингвистика немесе компьютерлік лингвистика салаларының өзі бүгінгі қазақ тіл білімінің өзінде іштей өзге салалардың дамуына мүмкіндік беруінде. Сонымен қатар когнитивтік лингвистика саласының өзі әлемді немесе қоршаған ортаға қатысты өзге де ғылым салаларымен, мысалы *философия*, *дінтану*, *саясаттану* және т.б. байланыстыра қарастырады, яғни мұнда айтпағымыз тіл білімінің теориялық та, практикалық та бағыттарын зерттеуде өзге ғылым салаларына тоқталмау, ол жайында негізгі тұжырымдамаларды атап өтпеу мүмкін емес.

Сондықтан өзге мамандықтарды былай қойғанда, филолог мамандарға жаратылыстану ғылымының негізгі мәселелерін әлемнің ғылыми жаратылыстық бейнесімен таныстыру, табиғаттың біртұтастығы мен даму заңдылықтарын, қазіргі жаратылыстану тұжырымдамаларын түсіндіру артық болмас, керісінше келешек ұрпақтың жан-жақты білікті маман болуына тигізер ықпалы зор.

Қазіргі кезде филолог мамандарына, атап айтар болсақ «шетел филологиясы» мамандығының студенттеріне жоғарыда атап өткен «жаратылыстану ғылымдарының тұжырымдамалары» пәні элективті пән ретінде өтілуде. Әрине пәннің негізгі аталуына байланысты жалпы тарихына тоқталып жаратылыстанудағы тұжырымдамаларын меңгерту арқылы негізгі мамандықтарына сай «тіл және экология» мәселесі жайында, тілдің дамуы мен қолданылуына жағымсыз ықпал ететін факторлардың анықтау.

Тілді байытудың жолдары мен амалдарын және сөйлеу, қарым-қатынас жасау, мәдениаралық қарым-қатынас практикасын жетілдіру тәсілдерін табу және қарастырумен тығыз байланысты.

Тіл экологиясы мәселелері мемлекеттік деңгейде шешілуі тиіс аса маңызды мәселелердің

бірі, сондықтан олар әртүрлі салаларда: білім, бұқаралық ақпарат құралдары, юриспруденция, іс жүргізу және т.б. салаларда жүзеге асырылатын мемлекеттің тіл саясаты аясында қарастырылады.

Мұнда студенттерге жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдардың арасындағы байланыс пен өзара қарама-қайшылықтарын, ерекшеліктерін білу өте тиімді. Сонымен қатар қазіргі ХХІ ғасыр ақпараттық технология дәуірі, жаһандану кезеңіндегі талаптарға сай бізді қоршаған орта мен ғылымның барасындағы байланысты меңгеруге зор мүмкіндік береді.

Ғылым, философия және діннің арақатынасынан бастап ерекшеліктеріне, қоғамдағы рөлі мен негізгі проблемаларына тоқтала отырып, осында тілдің, тіл білімінің алатын орны жайында көптеген отандық, шетелдік, ресейлік ғалымдардың еңбектері мен тұжырымдамаларынан хабардар болу мүмкіндігі орасан.

«Тіл және экология» немесе «эколингвистика», «лингвоэкология» атауымен өзге дамыған елдерде осыған дейін пән ретінде оқытылып келсе, қазіргі кезде біздің мемлекетіміз де тура осы атаумен болмағанның өзінде тіл тазалығына қатысты көптеген базалық және элективті пәндер қатарын тізбектеп шығуға болады. Ал тіл тазалығына қатысты зерттеулер қазақ тіл білімінде біршама, ол жайында кандидаттық, докторлық диссертациялар, қазақ тіл білімі ғалымдарының зерттеулері жайында және бүгінгі таңда бітіру жұмыстары мен магистрлік жұмыстар қатары да толықтыруда. Тек қазақ тіл білімі немесе қазақ тілінің тазалығы жайында ғана емес, екі-үш және одан да көп тілдерге қатысты мәселелер жайында үлкен ғылыми зерттеулер қатары бар.

И.А. Панкеевтің айтуынша, «экология» сөзінің өзі грек тіліндегі «oikos» үй және «logos» ілімнің тоғысуына мүмкіндік берген және академик Д.С. Лихачевтің *мәдениет экологиясы* жайында жұмыс жазуына негіз болса, ал *сөз экологиясы* жайында Лев Скворцов, Ф. Данешу мен С. Чмейрковойдың «Халқы аз тілдің экологиясы» және Т.Р. Державин ат. Тамбов мемлекеттік университетінің ғалымдары «Орыс тілінің экологиялық мәселелері» бағытын өңдеді. Оған қоса 1993 жылы Ресей Федерациясының Президенті «Электронды экология» тармақшасы бар Үкімге қол қойды, ондағы негізгі мәселе телерадиохабар саласында «ақпараттың ластануын» жою қажеттілігі жайында баса айтылған.

«Үй туралы ілім» өзінің анықтамасы бойынша биологиялық ғылымның ғана тар мағынасында емес, бұл ғылым жоспарлы гуманитарлық

проблемаларды да қарастырады деген сөз. Мұнда «үй туралы ілім» тура мағынасында емес, *құрылым, құру, құрылғы* туралы ілім деп түсінген жөн.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, тіл және экология, лингвоэкология, эколлингвистика және тіл экологиясы ретінде американдық лингвист Эйнар Хауген 1970 жылғы өз баяндамасында әлеуметтік лингвистика, психоллингвистикамен байланысы жайында айтып өткен. Сондықтан да тіл экологиясын тіл мен оны қоршаған орта арасындағы байланыс туралы ғылым ретінде таныған жөн. Тіл сөйлеушінің санасында және өзге сөйлеушілер арасында қолданылады, сонымен қатар олардың қоғамда және табиғи қоршаған ортасында қызмет атқарады. Тіл экологиясының ішінара физиологиялық табиғаты, яғни сөйлеушінің санасындағы өзге тілдермен қарым-қатынасы бар, ішінара әлеуметтік, яғни тілдің қарым-қатынас құралы ретінде қоғаммен арақатынасының болуы. Тіл экологиясына қатысты мәселелер тілді үйретушілер мен оны қолданушы және өзгелерге жеткізуші адамдарға тікелей байланысты.

Сонымен Хаугеннің басты идеясы тіл түрлі аңдар, өсімдіктер арасындағы тепе-теңдік қалпын сақтау, бір-бірімен бәсекелес және олардың болуының өзі бір-біріне байланысты болуы табиғи заңдылық. Ал адамзат тілінің тазалығының өзі бірнеше тілді меңгерген, адам санасында және өзге әлеуметтік топ пен мемлекеттің ішіндегі жағдайына, тілдік саясатына байланысты.

Эколлингвистика тілдер арасындағы, адамның тілдік тұлға ретіндегі және оны қоршаған ортамен байланысын қарастырады. Сонымен қатар тіл адамдар, қоғам мен табиғат арасындағы бөлінбес қарым-қатынас құрау компоненті ретінде қарастырылады. Тілдің дамуы мен қызметі *эко жүйе* ретінде, ал қоршаған әлем – *тілдік концепт* ретінде беріледі.

Осындағы экологиялық жүйеге қатысты Х. Хаарман тілдік болмысты анықтайтын 7 экологиялық өзгермелілікті көрсетеді. Олар: *демографиялық, әлеуметтік, саяси, мәдени, психикалық, интеракционды, лингвистикалық*. Х. Хаарманның теориялық деректері бойынша айтылған 7 экологиялық өзгермелілік бір-бірімен тығыз байланысты, оларды бөліп қарастыру мүмкін емес, «экологиялық жүйе» болуының өзі сонымен байланысты екенін айтады. «Экологиялық жүйе» – бұл бір бүтінді құрайтын 7 экологиялық өзгермеліліктің байланысы.

Эколлингвистика саласы үшін нақты терминология құрастырған Алвин Филл. Ол эколлингвистиканың 3 саласын анықтады:

Эколлингвистика – зерттеу саласына ортақ жалпы термин, мұнда экология мен лингвистика бірлестіре қарастырылады;

Тіл экологиясы – тілдің жан-жақтылығын, яғни көп қырлылығын сақтау мақсатында, тілдер арасындағы өзара байланыс зерттеледі

Экологиялық лингвистика экологиядан тілге терминдер мен қағидаларды ауыстыру, мысалы, экожүйе ұғымы.

Лингвистикалық немесе тілдік экология тілдер арасындағы өзара байланыс пен «экологиялық» мәселелерді зерттейді. Сондықтан мұнда тілдің қызметтері, амалдары, мысалы, қарым-қатынас қызеті, вербалды/бейвербалды амалдар толығымен қамтылады.

Қазіргі таңда тіл экологиясының үш аспектісі анықталған:

Интралингвалды – сөйлеу мәдениеті, стилистика, риторикамен баланыса отырып, қарым-қатынас барысындағы сөйлеу құралының дұрыстылығын, нақтылығын, қисынын, көркемділігімен байланысты.

Интерлингвалды – лингвистикалық жан-жақтылықтың жер бетінен азаюы, яғни тілдердің жоғалуы мәселесі және жеке этникалық тілдердің өмір сүру ортасындағы көптілділікпен байланысы.

Транслингвалды – публицистика, фольклор, көркем әдебиеттегі өзге мәдениетке тиесілі, өзге тілдік құралдар мен бір мәдениетке тән мәнмәтін, бір тілдің болмысы, құрылысы, бірліктерін пайдаланумен байланысты.

Қазіргі қазақ тілі жайында ғалым М.С. Серғалиевтің айтуынша – мәтін, сөйлем құрылысының, тілдік құралдарды қолдану жүйесінің көбірек орысшаланып кеткені былай тұрсын, тілдің объективті даму заңдылықтарын да орысшандырып жібергенімізді жасыра алмаймыз дейді. Оған мысал ретінде, жүздеген, мыңдаған сөздердің ана тіліндегі баламасын біле тұра, оның орысшасын алуға әлі күнге дейін бейім екенімізді айтады.

Академик М.Серғалиев экологияға байланысты топтастырылған тілдік тармақтардың барлығының материалдары стилистиканың зерттеу нысанына жатады. Мұнда да стилистиканың басты нысанаға алатыны – сөздердің қолданысының заңдылықтары, дұрыс жұмсай білудің үлгісін көрсету» деп дәлелдейді сөзін ғалым, себебі тіл экологиясының өзі әдеби тілді сақтау, оның дамуы мен жетілуін қадағалап отыру. Ғалым тілдік құралдардың әр топтарға байланысты қолдану шегінің болатындығын, төрт түрге бөліп, жіктейді. Олар: 1. мезгілдік мағынадағы

тіл тармақтары; 2. кеңістік мағынадағы тіл тармақтары; 3. әлеуметтік мағынадағы тіл тармақтары; 4. функционалдық-стильдік мағынадағы тіл тармақтары. Дифференциялық және интеграциялық тұрғыдан тіл тармақтарының бұлайша бөлінуінің тиісті дәрежеде маңызы да баршылық және әрқайсысының өзіне тән белгілері байқалып отырады. Тілші қолданысындағы бұл танымдық бірліктер алуан түрлі сөздермен тіркесе, әр түрлі ұғым-түсініктермен ұштасып, қазақ тіл біліміндегі тілдік бағыттардың барлығын түсіндіруге мүмкіндік туғызып отыр [4, 125].

Тілдің лексикалық байлығы, оның сөздік қорындағы сөз саны ғана емес, сонымен қатар лардың сапасымен де, мағыналық ауқымымен де өлшенеді. Тіліміздегі кәптеген сөздер өзінің бір мағынасымен ғана шектеліп қалмай, даму барысында екі, үш, тіпті одан да көп мағынада қолданылатындығы, әрбір тілдің сандық дамуынан сапалық дамуына көрнекі мысал бола алатын құбылыс. Тілдің сапалық дамуын, әдетте, «ішкі даму заңдылық» деп те атайды. Тілдің ішкі даму заңдылығына сырттан қабылданған ауыс-түйістер, не тілдің сөзжасам модельдері арқылы жасалған жаңа сөздер есебінен емес, сол тілдің өзінде бұрыннан бар, қолданыста жүрген лексикалық элементтерді (сөздерді) бір-бірімен қосарлап, не өздерін екі рет қайталап, жаңа немесе жаңғырған мағынада қолдануын жатқызуға болады, – дейді ғалым Ә. Қайдар [5, 454].

Ал, қазақ тіл білімінің атасы А. Байтұрсынұлының айтуына жүгінер болсақ: «Тіл тазалығы» – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу», – деп тілдің тазалығына қатысты бірнеше мысалдар келтірген.

Сонымен қатар А. Байтұрсынұлы сөз дұрыстығы жайында былай дейді: «Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалыуы айтылады, олай болуы үшін керек...

Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертіп түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну.

Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру.

Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру», – деп, сөзге, тілге қатысты көптеген ұлағатты нақтылықтарды айтып өткен [6, 255].

Жоғарыда айтып өткен тіл тазалығына қатысты, тіл көрнекілігі, тіл дәлдігі, тіл анықтығы, тіл мәдениеті, сөз талғау, міне осының бәрі қазіргі таңда да құндылығын жоймаған, керісінше нағыз өзекті болып отыр.

Тілдің тазалығына қатысты отандық ғалымдардан қосарымыз: М. Балақаев, Т. Қордабаев, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Ә. Айтбай, Б. Момынова, А. Салқынбай, Д. Әлкебаевлармен қатар қазергі таңда жас ғалымдар деп жетерлік.

Сонымен эколлингвистика қазіргі тіл білімі саласының қазіргі ғылыми жаңа бағыттарының бірі. Эколлингвистика немесе жалпақ тілмен айтқар болсақ тіл тазалығы, тіл экологиясы/ тіл және экология дейміз, бұл лингвистиканың әлеуметтік, психологиялық және философиялық бағыттарымен қалыптасқан жаңа сала.

Қазіргі қазақ тіл білімі үшін өте жаңа сала болғанымен жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақ тілінің тазалығын сақтау, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа тілімізді, ана тіліміздің құндылығын жоймай жеткізу мәселесі жөнінде өкптеген ғалымдарымыз бен тіл жанашырлары сол заманның өзінде айтып өткен.

Экология үшін яғни қоршаған ортаға қатысты қалыптасқан негізгі заңдылықтар мен тәртіптердің болатынын білеміз, ал сол қоршаған ортаның негізгі тіршілік иесі, айтылған заңдылықтар мен негізгі тәртіп, қағидаларды ұстанып, жүзеге асыратын адамзаттың қарым-қатынас құралы «тіл». Қоршаған ортадағы мәселелерді шешу мүмкіндігі тіл қызметі арқылы жүзеге асады және тілдің дамуы үшін де тіл білімі ғылымының жаңа бағыты – эколлингвистиканың қызметі аса зор.

М. Балақаев пен С. Серғалиевтің «Қазақ тілінің мәдениеті» еңбегінде тіл мәдениетінің басты сапалары, яғни сөздің дұрыстығы, тазалығы, айқындылығы, мәнерлілігі және сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері, сауаттылық, айқын ойлылық, ізеттілік жайында қарастырылған [7, 53].

«Тіл тазалығы үшін күрес – мәдениет тазалығы үшін күрес» деп А.М. Горкий тіл мәдениеті, тіл тазалығы, ой дәлдігін меңзесе керекті. Сондықтан да «экологиялық» дағдарыс мәселесі әлемдегі қазіргі тіл мәселесіне тигізер қандай да бір әсерінің болуы тіл білімінде соңғы уақытқа дейін ой туындатпаған. Бұл мәселелер эколлингвистиканың әлеуметтік қажеттілігінен туындайды.

Әдебиеттер

- 1 Бернацкая А.А. Проблемы экологии языка в современной германии // Теоретические и прикладные аспекты речевого общения: науч.-метод. бюл. – Вып. 2. – Красноярск-Ачинск, 1997. – С. 134-137.
- 2 Колтунова М.В. Язык и деловое общение. Нормы, риторика, этикет. – М., 2000. – С. 208.
- 3 Костомаров В.Г. Языковой вкус эпохи. Из наблюдений над речевой практикой масс-медиа. – М., 1994. – С. 317.
- 4 Серғалиев М. Тілім менің – тiнiм менiң. – А.: Саздар, 2013. –125 б .
- 5 Қайдар Ә. Қазақ тіліндегі қос сөздер зерттеу және сөздік. – А.: Саздар, 2013. – 454 б.
- 6 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А.: Абзал-Ай, 2013. – 255 б.
- 7 Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – А.: Дәуір-Кітап, 2013. – 53 б.

References

- 1 Bernatskaya A.A. Problemy ekologii yazyka v sovremennoy germanii // Teoreticheskie i prikladnye aspekty rechevogo obscheniya: nauch.-metod. byul. – Vyp. 2. – Krasnoyarsk-Achinsk, 1997. – С. 134-137.
- 2 Koltunova M.V. Yazyk i delovoe obschenie. Normy, ritorika, etiket. – М., 2000. – S. 208.
- 3 Kostomarov V.G. Yazykovoy vkus epohi. Iz nablyudeniyy nad rechevoy praktikoy mass-media. – М., 1994. – S. 317.4
- 5 Qaydar A'. Qazaq tilindegi qos so'zder zertteu ja'ne so'zdik. – А.: Sazdar, 2013. – 454 b.
- 6 Baytursi'nuli' A. Qazaq til bilimining ma'seleleri. – А.: Abzal-Ay, 2013. – 255 b.
- 7 Balaqaev M., Serghali'ev M. Qazaq tilining ma'deni'eti. – А.: Da'wir-Kitap, 2013. – 53 b.